

Успен ауданында жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдау тарифтерін белгілеу туралы

Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 157/5 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 маусымда № 6399 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19-бабының 4, 5-тармақтарына сәйкес, Успен ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Успен ауданында жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдау тарифтері келесі маршруттар бойынша белгіленсін:

- 1) "Дмитриев - Қоңырөзек - Успен" - 450 (төрт жүз елу) теңге көлемінде;
- 2) "Надаров - Вознесен - Чистополь - Успен" - 550 (бес жүз елу) теңге көлемінде;
- 3) "Тимирязев - Ольхов - Успен" - 500 (бес жүз) теңге көлемінде.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің
міндетін атқарушысы
"КЕЛІСІЛДІ"

Қ. Абушахманов

Успен аудандық
мәслихатының хатшысы
2019 жылғы "20" мамыр

Р. Бечелова